

Қостанай облысы Қостанай ауданы Жданов ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар, көшелер тұрғындары өкілдерінің санын айқындаудың тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2022 жылғы 7 желтоқсандағы № 249 шешімі. Жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2023 жылғы 22 желтоқсандағы № 114 шешімімен

Ескерту. Жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 22.12.2023 № 114 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Қостанай аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қостанай облысы Қостанай ауданы Жданов ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар, көшелер тұрғындары өкілдерінің санын айқындаудың тәртібі осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қостанай облысы Қостанай ауданы Жданов ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар, көшелер тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай аудандық мәслихатының хатшысы

M. Сартов

Мәслихаттың

2022 жылғы 7 желтоқсандағы

№ 249 шешіміне

1-қосымша

Қостанай облысы Қостанай ауданы Жданов ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар, көшелер тұрғындары өкілдерінің санын айқындаудың тәртібі туралы

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Қостанай облысы Қостанай ауданы Жданов ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар, көшелер тұрғындары өкілдерінің санын айқындаудың тәртібі (бұдан әрі - тәртіп) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Занының 39-3-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандығы № 1106 "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес әзірленді және Жданов ауылдық округінің ауылдары, көшелері тұрғындарының жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Осы тәртіпте мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық - шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны - ауыл, көше тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

2-тaraу. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін Жданов ауылдық округінің аумағы учаскелерге (ауылдар, көшелер) бөлінеді.

4. Ауылдың, көшениң жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Жданов ауылдық округінің әкімі шақырады және ұйымдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың халқына жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы Жданов ауылдық округінің әкімі бұқаралық ақпарат құралдары және жергілікті атқарушы органдардың ресми интернет ресурстары арқылы ол өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабарлайды.

7. Ауыл, көше шегінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізуді Жданов ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

Көше шегінде көпшілерлі үйлер болған жағдайда, көпшілерлі үйдің бөлек жиындары өткізілмейді.

8. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Занының 39-3-бабының 1-тармағына сәйкес жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының ашылуы алдында

тиісті ауылдың, көшениң қатысып отырған, оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда, көшеде тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

9. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Жданов ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Жданов ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс берумен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Қостанай аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылар ұсынады.

11. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі . Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп дауысын жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және екі жұмыс күні ішінде Жданов ауылдық округі әкімінің аппаратына беріледі.

Мәслихаттың

2022 жылғы 7 желтоқсандағы

№ 249 шешіміне

2-қосымша

Қостанай облысы Қостанай ауданының Жданов ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар, көшелер тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

№	Елді мекен, көше атауы	Ауылдың көше тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
1	Ждановка ауылының тұрғындары үшін, көшелер бөлінісінде:	
	Алтынсарин көшесі	1
	Дошанов көшесі	1
	С. Мәуленов көшесі	1
2	Васильевка ауылының тұрғындары үшін, көшелер бөлінісінде:	
	Абай көшесі	1
	Валиханов көшесі	1
	Соколов-Сарыбай көшесі	1
	Киров ауылының тұрғындары үшін, көшелер бөлінісінде:	

	3	<table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr> <td style="width: 50%;">Жастар көшесі</td><td style="width: 50%; text-align: right;">2</td></tr> <tr> <td>А. Байтұрсынов көшесі</td><td style="text-align: right;">1</td></tr> </table>	Жастар көшесі	2	А. Байтұрсынов көшесі	1		
Жастар көшесі	2							
А. Байтұрсынов көшесі	1							
	4	<table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr> <td colspan="2" style="padding: 5px;">Семилетка ауылдының тұргындары үшін, көшелер бөлінісінде:</td> </tr> <tr> <td style="width: 50%;">Речная көшесі</td><td style="width: 50%; text-align: right;">1</td></tr> <tr> <td>Придорожная көшесі</td><td style="text-align: right;">1</td></tr> </table>	Семилетка ауылдының тұргындары үшін, көшелер бөлінісінде:		Речная көшесі	1	Придорожная көшесі	1
Семилетка ауылдының тұргындары үшін, көшелер бөлінісінде:								
Речная көшесі	1							
Придорожная көшесі	1							

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК